

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1716 және 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 маусымдағы N 979

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3378 Жарлығын жүзеге асыру және компанияның Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласындағы мүдделерін қорғау жөніндегі тиімді қызметін қамтамасыз етуі мақсатында, сондай-ақ "Ембімұнайгаз" және "Атырау МӨЗ" акционерлік қоғамдарының жекешелендіру жөніндегі тендерлердің тоқтатылуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енізілсін:

< * >

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 қаулысына:

аталған қаулының 1-қосымшасына:

"Жетібай-Куэст" ЖШС 50" деген жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Ембімұнайгаз" АҚ 85

"Теңізмұнайгаз" АҚ 85";

"Арман" ЖШС 50

"Қаракұдықмұнай" АҚ 40";

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Арман" ЖШС 35

"Қаракұдықмұнай" АҚ 20";

аталған қаулының 2-қосымшасына:

мына жолдар алынып тасталсын:

"Ембімұнайгаз" АҚ, Атырау қаласы 85 25

"Теңізмұнайгаз" АҚ, Құлсары кұп. 85 85";

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.05.19. N 452 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен .

2. Берілген "Ембімұнайгаз" және "Теңізмұнайгаз" акционерлік қоғамдарының акцияларын Қазақстан Республикасының ашық қор рыногында 1998 жылы қаражатты бюджетке қайтара отырып сату көзделсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып "Тельф АГ" Швейцария фирмасына "Атырау МӨЗ" акционерлік қоғамы акцияларының 12,1 проценттік сатып алу-сату шартының күші жойылған деп тану туралы белгіленген тәртіппен сотқа талап қоятын болсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті осы қаулының жүзеге асырылуы жөнінде шаралар қабылдасын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК